

Келес ауданы Адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Кәсіптік бағдар беру педагогы Алдиярова Меруерт I-жылдықта
атқарылған
жұмыстары туралы есебі, 2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жағдайы

Мамандық таңдау бұл адам өміріндегі маңызды, қиын және жауапты қадам.

Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау- мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі.

Мектеп оқушыларының мамандық таңдауда дұрыс бағыт алу мәселесі мектептің психологиялық қызмет аясында жүргізілетін аса жауапты да маңызды жұмыстарының бірі.

Мектеп жасындағы жас өспірімдерге өзінің болашағын таңдауға келгенде көп ықпал ететін Ата-ана, ұстазбен қатар мектеп психологтары да өз үлестерін тигізеді. Сондықтан 2022-2023 оқу жылында «Кәсіби бағдар беру педагогы» деген штат ашылып, 2022жылы қыркүйек айының басында кәсіптік бағдар жұмыс жоспары талқыланып құрылды.

2022 жылдың қыркүйек айының 02 күні мұғалімдерді кәсіптік бағыт-бағдар берудегі нұсқау, бұйрық шешімдермен таныстырылып, «Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарының формалары» атты баяндама оқылды.

2-4 сыныптар арасында мамандық таңдау аясында Сауалнамалар алынды

2022-2023 оқу жылындағы 1-11 сынып білім алушыларының тізімі құрылды.

9-сыныптардан алған сауалнаманың нәтижесінде білім алушылардың 58% 10-сыныпта оқуын жалғастырғысы келеді, 20% пайызы колледжге түскісі келеді. Ал ата-аналарының 80% 10-сыныпта оқы десе, 20% колледжге оқуға түс деп кеңес береді. Білім алушылардың 25% қандай мамандық иесі болғысы келетінін білмесе, 17%- мұғалім, 8%-архитектор, 80%-заңгер, 42 %-медицина салаларының маман иесі болғысы келеді. ,

«Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасуы» Сайыс-сабақтар болып өтті (10-сыныптар




Қазан айында «Менің болашақ мамандығым» сурет сайысы болып өтті және түрлі ақпарат берді (8-9сыныптар).

5-11 сыныптар арасында мамандық таңдау аясында Сауалнамалар алынды


06.10.22ж Болашақ мамандықты таңдадыңыз ба? таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін деген мақсатта Донгелек үстел болып өтті



Қараша айында 7-8сынып оқушылары арасында «Кім боламын?» тақырыбында пікірлесу сағаты өткізілді




06.10.22ж Болашақ мамандықты таңдадыңыз ба? таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін деген мақсатта Дөңгелек үстел



болып өтті

Қараша айында 7-8сынып оқушылары арасында «Кім боламын? тақырыбында пікірлесу сағаты өткізілді



Оқушылардың мамандық таңдауда қателеспеуін қадағалап ата-аналармен үнемі байланысып ақыл-кеңестер беріліп өтті .

«Не? Қайда? Қашан?» атты мамандық туралы викторина (5-8 сыныптар) Білім алушылар мамандықтардың түрлері мен атқаратын қызметі туралы түсінік қалыптасты.

«Мен және менің болашақ мамандығым» атты тренинг сабақ болып өтті

Желтоқсан айында «Мамандыққа саяхат» бітіруші сыныптармен жұмыс түрлі мамандықтардан ақпараттармен таныстыру.

ЖОО мамандарымен кездесу ұйымдастырылды.



Қаңтар айында оқу орындарына, аймақтық кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастырылды (8-11 сыныптар)

Ақпан айында « Мамандықтар әлемінде» сынып сағаттар өткізілді оқушылармен әңгіме-сұхбат болды және ақпараттандырылды.

Наурыз айында мектебімізде 7-11 сыныптарда алдын ала бағыт беру аясында диагностика өткізілді

«Менің арманымдағы мамандық» шығармашылық сайысы (7-9 сыныптар)

Сәуір айында 5-11 сыныптар арасында сауалнамалар алынды «Білім алушылар мамандық таңдау және өзін-өзі анықтау процесінде ата-аналардың ролі» тақырыбында жиналыс жасалды. Ата-аналарға психологиялық кеңестер беріліп, жадынамамен таныстырылып, балаңызға, мамандық таңдауда қадірменді ата — ана ақыл қосар ақылшысы екеніңізді, қиындығын жеңілдетер көмекшісі екеніңізді, яғни ертеңгі күнгі сүйеніш — тірегі екендігін еске салып, бала мен ата-ананың арасына ізгі қарым-қатынас орнатылды.

Мамыр айында 9-11 сынып бітірушілермен әр түрлі мамандықтар мен ақпараттандыру, ЖОО орын және колледждермен таныстыру бағыты болды



Ұсыныс: Сынып жетекшілері түрлі мамандық иелерімен кездесулер және өз мамандықтары туралы «Түлектер сабағын» өткізуді ұйымдастыру. 9-11 сынып сынып жетекшілері білім алушыларды ЖОО мен кәсіптік колледждерге «Ашық есік» күніне білім алушыларды қабыл алыстырсын

Мектеп директоры: **Т.Шаймаханов**

Кәсіби бағдар беруші педагогы:

М.Алдиярова

